

6D01200 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ахметжанова Гульдарай Адильхановнаның **«Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АНДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында цифрландыруды экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, мемлекеттік басқаруды жетілдірудің және азаматтардың өмір сапасын жақсартудың басты құралы ретінде, бұл құжат арқылы цифрландырудың негізгі бағыттарын, соның ішінде жасанды интеллект жайлы атап көрсетілген.

Алайда цифрландыру саласындағы өзекті мәселелердің бірі – электрондық оқулықтардың, оқу-әдістемелік және бағдарламалық құралдардың жеткіліксіздігі. Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ету үшін бұл ресурстарды тиімді пайдаланып, оқыту сапасын арттыру, сондай-ақ білім алушылардың өздігінен білім алуына қолайлы жағдай жасау қажет.

Аталған мәселенің шешімін біз болашақ мамандарды даярлау үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарының мәліметтер базасын құрумен, цифрлық ағындарды тиімді басқарумен және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы кәсіби білім, білік және дағдыларды қалыптастырумен байланыстырамыз.

Зерттеу тақырыбы аясында болашақ педагогтарды даярлау жөнінде цифрлық, әдістемелік, ғылыми, зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың ерекшеліктері алыс шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің арқауы болғаны анықталды: *Mehmet Aydin & et.al., Nur Dania Mohd Rosli & et.al., Zhaoxia Wang, Huiying Zhu, Cesar Augusto Hernández Suárez & et.al., Mirza Shahzan Asagar.*

Отандық педагогика ғылымында құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін: *Кенжебеков Б.Т., Бузаубакова К.Д., Михайлова Т.В., Жаксыбаева Н.Н., Кобенкулова Ж.Т., Омарбекова, Ш.О., Турсынова Ж.Ж., Набидоллина Ш.С., Елубай Е. Және т.б.*

Кәсіптік оқытудың жалпы теориялық және практикалық аспектілерін зерттеген ғалымдар: *Әбдікәрімұлы Б., Егоров В.В., Момынбаев Б.К., Шкутина Л.А., Шрайманова Г.С., Өтебаев И.С., Казимова Д.А., Әбілқасымова Г., Готтинг В.В.*

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдау барысында осы кезеңге дейін кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары арнайы зерттеу пәні ретінде зерттелмегені анықталды.

Мұның өзі бүгінгі білім беруді цифрландыру мен жасанды интеллектіні оқытудың құралы ретінде пайдалану жағдайында кәсіптік оқыту білім

алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың өзектілігін айқындап:

- білім беруді цифрландыру мен жасанды интеллектіні оқытудың құралы ретінде пайдалану бойынша мамандарды даярлауға мемлекеттік сұраныс пен жоғары оқу орны жағдайында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негізделмеуі;

- кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен оның тәжірибеде іске асырудың педагогикалық шарттарының айқындалмауы арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

Осы қарама-қайшылықтардың шешімін табу тақырыпты «Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» деп таңдап алуымызға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеу.

Зерттеу нысаны: кәсіптік оқыту білім алушыларын оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің әдіснамалық және теориялық тұрғыдан негізделген құрылымдық-функционалдық моделі әзірленіп, тәжірибеге енгізілсе және оны іске асыруға бағытталған педагогикалық шарттар кешені қамтамасыз етілсе, онда білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік деңгейі едәуір артады, өйткені бұл өз кезегінде ұйымдастырушылық, мазмұндық, әдістемелік, психологиялық-әлеуметтік және цифрлық білім беру ортасына қатысты **материалдық-техникалық** шарттарды жүйелі жетілдіру арқылы жүзеге асады.

Зерттеудің міндеттері:

- кәсіптік білім беру саласындағы құзыреттілік тәсілді әдіснамалық тұрғыдан негіздеп, білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәнін ашып көрсету («кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің» авторлық анықтамасы);

- кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың моделін жасау;

- кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнын жасап, оны іске асыруға бағытталған педагогикалық шарттар кешенін қамтамасыз ету;

- кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін тәжірибелі-эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Зерттеу әдістері: зерттеу бағытына байланысты *теориялық* оқу құжаттарына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, типтік бағдарламаларына, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сараптама жасау, *эмпирикалық* (оқыту үдерісін бақылау, сауалнама, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу), *статистикалық* (эксперименттік зерттеулер нәтижелерін өңдеу және дәлдігін бағалау, есептеулерде IBM SPSS Statistics, Mann-Whitney U-тесті, Вилкоксонның t-критерийін қолдану).

Зерттеу базасы: зерттеу жұмысы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде өткізілді.

Зерттеудің жетекші идеясы: кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру педагог тұлғасының кәсіби дамуына бағытталған педагогикалық шарттарды мақсатты ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздеріне білім беру үдерісін цифрландырудың тұжырымдамалық ережелері, кәсіптік оқыту білім алушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық-әдістемелік аспектілері, білім берудегі құзыреттілік тәсілдің ғылыми-педагогикалық қағидаттары; кәсіптік оқыту білім алушыларымен оқу үдерісін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері, оқу-әдістемелік әдебиеттерді цифрлық ортада тиімді пайдалану мәселелері бойынша ғылыми еңбектер; цифрлық, ақпараттық және әдістемелік құзыреттіліктерді дамытудың ғылыми тұжырымдамалары, сондай-ақ білім беру саласындағы инновациялық өзгерістерді философиялық-педагогикалық тұрғыдан талдау қағидаттары алынды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2018-2020). Зерттеудің теориялық негіздері анықталды, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдіснамалық зерттеулер іріктеліп жүйеге келтірілді, теориялық тұрғыдан талданды, зерттеудің ғылыми аппараты анықталды. Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы теориялық моделі жасалды.

Екінші кезеңде (2020-2022). ҚР МЖМБС, оқу жоспарлары, бағдарламалар, педагогикалық, оқу-әдістемелік құралдар талданды, кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық мүмкіндіктері айқындалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны мен әдістемесі дайындалып, оның тиімділігін айқындау мақсатында эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2022-2025). Эксперименттік жұмыс нәтижелері қорытындыланып, жүйеге келтірілді, зерттеудің негізгі қорытындылары мен ұсыныстары тұжырымдалды, диссертациялық жұмыс талапқа сәйкес

рәсімделуі аяқталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- кәсіптік білім беру саласындағы құзыреттілік тәсілді әдіснамалық тұрғыдан негіздеп, білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәнін ашып көрсету («кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің» авторлық анықтамасы) айқындалды.

- Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі ұсынылды.

- Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары қамтамасыз етілді.

- Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың нәтижелері ұсынылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Зерттеу жұмысында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жалпы философиялық, технологиялық және әдіснамалық тұғырлар кешені арқылы ғылыми тұрғыдан негізделеді. Бұл ретте зерттеу барысында жаңа буын білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес кәсіптік даярлық үдерісінде ақпараттық-әдістемелік құзыреттілікті дамытудың дидактикалық шарттары, психологиялық-педагогикалық механизмдері және әдістемелік тәсілдері айқындалады.

Зерттеудің практикалық мәнділігі: зерттеу нәтижелері мен қорытындылары, біріншіден, осы мәселе бойынша келешекте жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз болады; екіншіден, ұсынылып отырған ғылыми-әдістемелік еңбектер жоғары және орта педагогикалық оқу орындарының оқыту жүйесінде, кәсіптік білім беру мамандарының біліктілігін арттыруда пайдалануға болады.

Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер жасалынып, оқыту жүйесіне енгізілді:

1. «Кәсіби педагогика» оқу құралы (ISBN 978-6017934-76-7).
2. «Кәсіби педагогика» электрондық оқу құралы (авторлық куәлік № 10748 11.06.2020ж.).
3. Электрондық практикумы «Электрондық оқыту-E-learning білім алушылардың оқыту әдістемесінде қолдану шарттары» электрондық оқу құралы (авторлық куәлік № 6056 25.10.2019ж.).
4. «Онлайн платформаларды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету» элективті пән (зерттеу нәтижелерін енгізу туралы акт 18.03.2021ж. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ).
5. «Онлайн платформаларды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету» онлайн курс (www.tanym.com).
6. «Цифрлық білім беру ортасын дамыту» бейне-дәріс (www.tanym.com).

7. «Global Education and Training» семинар («500-Ғалым» Болашақ бағдарламасы, UIUC, USA, 2024-2025жж. тағылымдамадан өткен тәжірибе).

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Кәсіптік білім беру саласындағы құзыреттілік тәсіл әдіснамалық тұрғыдан негізделіп, білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен «кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің» авторлық анықтамасы: «кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігі - бұл болашақ кәсіби педагогтың кәсіби қызметіне қажетті ақпаратты тиімді түрде іздеу, талдау, синтездеу, бағалау және қолдану қабілеті мен оқу үрдісін мақсатқа сай жоспарлау, әдістемелік материалдарды әзірлеу, цифрлық платформалар арқылы оқыту әрекетін ұйымдастыру, рефлексивті түрде талдау қабілетін екі құзыреттіліктің синергиялық әрекетінен туындайтын интегративті жаңа құрылым».

2. Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі. Ол құзыреттілік тәсілге, жүйелік-әрекеттік және аксиологиялық тұғырларға негізделе отырып, білім алушылардың цифрлық білім беру ортасындағы кәсіби-педагогикалық әрекетін тиімді ұйымдастырудың бағыт-бағдарын айқындайды. Модельдің құрылымдық компоненттері ретінде мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекетті және рефлексивті блоктары қарастырылды. Бұл модель кәсіптік оқыту білім алушыларының цифрлық құралдарды педагогикалық мақсаттарда тиімді қолдану дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары:

- **ұйымдастырушылық шарттар** нормативтік-ресурстық базаны қамтамасыз етіп, құзыреттілік дамуына ықпалын тигізеді.
- **мазмұндық шарттар** оқу бағдарламалары арқылы ақпаратты іздеу, талдау, оқыту әдістерін қолдануды ғылыми тұрғыдан негізделеді.
- **әдістемелік шарттар** белсенді оқыту, рефлексивті бағалау арқылы білімді іс-әрекетке айналдырады.
- **психологиялық-әлеуметтік шарттар** білім алушының ішкі мотивациясын, өзін-өзі реттеуді және қауіпсіз оқу ортасын қалыптастыру арқылы құзыреттілік дамуына психологиялық дайындық туғызады.
- **материалдық-техникалық шарттар** заманауи техникалық база мен цифрлық ресурстардың қолжетімділігі арқылы құзыреттіліктің практикалық іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде, ақпараттық-әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұны мен педагогикалық шарттарының өзара байланысы білім беру сапасын арттырудың инновациялық тетігі ретінде дәлелденді.

4. Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың бойынша тәжірибелі-эксперимент нәтижелері. Алынған нәтижелер көрсеткендей, ұсынылған модель мен педагогикалық шарттардың қолданылуы АӘҚ-ның барлық компоненттері

бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0,01$) және практикалық тұрғыдан маңызды ($r > 0,30$) дәрежеде тиімділігін растайды. Әсіресе, іс-әрекетті компонент бойынша үлкен әсер ($r = 0,42$) ақпараттық-әдістемелік құзыреттіліктің практикалық қолданыстағы тиімділігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері кәсіптік оқыту білім алушыларының цифрлық құралдарды оқыту үдерісінде тиімді қолдану деңгейінің, әдістемелік шешімдер қабылдау қабілетінің және кәсіби-педагогикалық әрекетке даярлығының Mann–Whitney U-тесті арқылы статистикалық маңызды дәрежеде ($p < 0,01$) артқанын көрсетті.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізділігі: Ғылыми ізденістің тұжырымдамалық бағыт-бағдарын айқындайтын іргелі қағидаттар жүйесіне сүйенеді. Зерттеу барысында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен мазмұнын ашатын ғылыми тұжырымдар мен әдіснамалық ережелер басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: диссертациядағы алынған қорытындылар мен нәтижелер зерттеу мақсаты мен қойылған міндеттер әдістерінің дәлділігі, тәжірибелік-эксперименттің кезең-кезеңімен жүруімен, эмпирикалық мәліметтерді статистикалық өңдеу рәсімін нақты қолдануымен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы және жүзеге асырылуы: зерттеудің негізгі қағидалары бойынша 15 ғылыми мақала жарық көрді:

ҚР ҒЖБССҚК – 4:

ҚарМУ хабаршысы – Педагогика сериясы - 2018. - № 4 (92)

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ, Педагогика сериясы - 2019. - №4 (76)

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ, Педагогика сериясы – 2020 - №4 (80)

ҚарМУ хабаршысы – Педагогика сериясы - 2023 - № 1 (109)

Scopus деректер базасына кіретін халықаралық журналдарда -3

Opcion, Ano 35, Regular No.24, 2019

Hindawi/Education Research International, Volume 2022

International Journal of Information and Education Technology, No.9, 2025

РҒДИ базасында индекстелетін басылымдарда - 1

Известия Вузов Кыргызстана, № 5, 2023

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында – 4

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізімге мәліметтерді енгізу туралы (ЭЕМ) - 3

Диссертация құрылымы мен мазмұны: нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардан құралған.

Кіріспедегі зерттеу тақырыбын таңдаудың негіздемесі мен оның өзектілігі айқындалып, зерттеудің мақсаты мен міндеттері қарастырылған. Сонымен қатар зерттеу нысаны мен пәні нақтыланып, жұмыстың ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетілген. Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар жүйеленіп берілген, сондай-ақ зерттеу әдістері мен оны жүзеге асыру кезеңдері мазмұндалған.

«Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде зерттеу тақырыбы аясында кәсіптік білім беру саласындағы құзыреттілікке негізделген тәсілдің (құзыреттілік тұғыр) қалыптасуының әдіснамалық тұғырлары, жаңа буын стандарттары жағдайында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері, кәсіптік оқыту білім алушыларының «ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі анықталды.

«Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарына сипаттама» деп аталатын екінші бөлімде кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жіктемесі анықталды, кәсіби бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары арқылы ақпараттық-әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру, білім алушылардың өзіндік және рефлексивтік оқу іс-әрекетін ұйымдастыру педагогикалық шарт ретінде сипаттама жасалынды.

«Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны мен нәтижелері» деп аталатын үшінші бөлімде кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің жай-күйіне педагогикалық диагностика жасау, кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық шарттарының тиімділігін айқындату бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелеріне талдау жасалынды.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ғылыми тұрғыдан ұсыныстар беріледі.

Қосымшада кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы зерттеу нәтижелері беріледі.